**Келісілді:**
ШҚО білім басқармасы
Риддер қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 41
«Теремок» балабақшасы» КМҚК
әдіскерлер
__________ Г.А. Молдашева
__________ В.Г. Дарьина
«28» августа 2024 ж.

**Бекітемін**:
ШҚО білім басқармасы
Риддер қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 41
«Теремок» балабақшасы» КМҚК
меңгерушінің м.а.
__________ Г.А.Молдашева
«28» августа 2024 ж.

**Согласованно:**
Методисты КГКП «Д/с № 41 «Теремок»
отдела образования
по городу Риддеру УО ВКО
__________ Г.А. Молдашева
__________ В.Г. Дарьина
«28» августа 2024 г.

**Утверждено:**
и.о. заведующего КГКП «Д/с № 41
«Теремок» отдела образования
по городу Риддеру УО ВКО
__________ Г.А.Молдашева
«28» августа 2024 г.

**ШҚО білім басқармасы Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 41 «Теремок» балабақшасы» КМҚК**

**КГКП «Детский сад № 41 «Теремок» отдела образования по городу Риддеру УО ВКО**

# «Звёздочка» мектепалды даярлық тобының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

# Перспективный план организованной деятельности на 2024-2025 учебный год на основе Типового учебного плана дошкольного воспитания и обучения и Типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения предшкольной группы «Звёздочка» по казахскому языку

**Қазақ тілі пәнінің мұғалімі/Учитель по казахскому языку:**
**Колыбаева К.К.**

**Риддер қаласы/ город Риддер**

Мектепалды тобы «Звездочка» (5 жас) қазақ тілі бойынша

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| № | Айы | Тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | **Қыркүйек айы** | Біздің сүйікті балабақшамыз<br>Біздің топ<br>Біздің ойыншықтар<br>Балабақша қызметкерлері | 2 |
| 2 | **Қазан айы** | Қош келдің, Алтын күз!<br>Біздің бақтың жемістері<br>Бақшада не өседі?<br>Менің Қазақстаным! | 2 |
| 3 | **Қараша айы** | Отбасы – ортақ мекен<br>Сандар әлемінде, апта күндері.<br>Дене мүшелері не үшін керек?<br>Құстарға көмектесейік! (дала құстары) | 2 |
| 4 | **Желтоқсан айы** | Алақай, қыс келді!<br>Туған жердей жер болмас!<br>Құтты болсын Жаңа жыл!<br>Қыс қызығы | 2 |
| 5 | **Қантар айы** | Фермада (үй жануарлары)<br>Төлдер қандай сүйкімді<br>Үй құстары<br>Аңдардың мекені | 2 |
| | **Ақпан айы** | Сауда үйінде (киім) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | | Ұлттық киімдерді білесің бе?<br>Супермаркет (азық түлік)<br>Дәмханада (азық түлік, сусындар) | 2 |
| 7 | **Наурыз айы** | Ыдыстар тазалықты сүйеді<br>Көктем келді, балалар<br>Көктеді қыр, жағалар.<br>Наурыз келді, балалар!<br>Наурыз дастарқаны | 2 |
| 8 | **Сәуір айы** | Түстерді мен білемін<br>Сыпайы сөздер<br>Кеңістікті бағдарлау<br>Көліктер әлемінде | 2 |
| 9 | **Мамыр айы** | Ұлттық ойындар<br>Қазақ елінің батырлары.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Жайдарлы жаз келді! | 2 |

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің 2024-2025 оқу жылына арналған

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Тобы: «Звездочка»мектепалды тобы**

**Жасы: 5 жас**

| Айы | **Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері** |
|---|---|
| Қыркүйек | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, І дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- балалардың балабақша тақырыбына байланысты сөздік қорларын молайту;<br>- өздерінің топтарына байланысты жаңа сөздер беру;<br>- қимыл-әрекеттерді білдіретін сөздер қатарын қосу;<br>- жаңа ойыншық атауларымен таныстыру; |

| | |
|---|---|
| | - балабакшада жұмыс істейтін қызметкелер атау тізбегін молайту.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>- сөз тіркестерін, жай сөйлемдерді өздігінен құрастыра алуға машықтау;<br>- балабақшаға байланысты берілген сөз тіркестерін түсінуге және сол тіркестерді күнделікті өмірде қолдануға талпындыру (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету;<br>- қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>Байланыстырып сөйлеу:<br>- өзі туралы айта алуға үйрету (есімі, жасы, тегі);<br>- ойыншықтар туралы педагогтің көмегімен қысқа мәтін құрауға үйрету;<br>- құрдастарымен диалог жүргізуге жаттықтыру;<br>- балабақша туралы қысқа тақпақтарды жатқа айтып беру дағдыларын дамыту. |
| Қазан | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, І дыбыстарын дұрыс айтуға түрлі жаттығулар жасау;<br>- сөз ішіндегі кездесетін төл дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- балаларды күз жыл мезгіліне байланысты сөздермен қаруландыру;<br>- жемістер мен көкөністер атауларының тізбегін қосу;<br>- Қазақстан тақырыбына байланысты жаңа сөздер қатарын беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- күз тақырыбына байланысты сөз тіркестерін түсінуге және сөз тіркестерін өздігінен жасауға дағдыландыру (зат есім мен сын есім, зат есім мен етістік );<br>- жеміс-жидек атауларына көптік, тәуелдік жалғаулар жалғап айта алуға машықтау.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- күз тақырыбына байланысты суреттермен педагогтің үлгісі бойынша қысқа мәтін құрастырып жаттықтыру;<br>- бақта, бақшада тақырыбына диалог құрап үйрету;<br>- Отан туралы тақпақтар мен мақал-мәтел жаттатқызу. |
| Қараша | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі төл дыбыстарды ынта қойып тыңдауға |

| | |
|---|---|
| | және дұрыс айта білуге дағдыландыру ;<br>- қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, Қ, Ұ, І дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- отбасы мен туысқандық атауларға байланысты жаңа сөздер үйрету;<br>- сандар қатарын көбейту;<br>- апта күндерін үйрету;<br>- дене мүшереліне байланысты жаңа сөздер беру;<br>- дала құстары туралы жаңа сөздер үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- есептік және реттік сан есімдерді орынды пайдалануға үйрету;<br>- сан есімдер мен зат есімдерді тіркестіріп сөйлемдер құрату;<br>- «неше?», «нешінші?» сұрау есімдіктері арқылы сұрақ құрастырып жаттықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- отбасы туралы рөлдік ойындарда диалог құрап тілдестіру;<br>- қуыршақ театрымен қазақша қойылым көрсету, рөлдерде ойнату;<br>- сан есімдерді қатыстырып сөйлемдер құрату;<br>- құстар туралы тақпақтар жаттату. |
| Желтоқсан | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға дағдыландыру;<br>- қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, І, Ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- аталған дыбыстарға басталатын өздеріне таныс сөздерден тізбек жасап айтқызу;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- балаларға қыс мезгілі туралы жаңа сөздер қатарын беру;<br>- Отан тақырыбына байланысты жаңа сөздермен қаруландыру ;<br>- Жаңа жыл мерекесіне байланысты сөздер үйрету;<br>- қысқы ойындарға байланысты жаңа сөздер үйрету. |

| | |
|---|---|
| | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- қыс тақырыбына байланысты сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып сөйлем құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету;<br>- зат есім мен сан есімдерден сөз тіркестерін жасатып жаттықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- қыс мезгілі туралы суреттермен педагогтің үлгісі бойынша қысқа мәтіндер құрастыруға дағдыландыру;<br>- Отан тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер жаттату;<br>- Жаңа жыл туралы тақпақтар жаттату;<br>- қыс қызығы туралы диалог құратып үйрету;<br>- ойын үстінде қазақша сөздерді көбірек айтуларын талап ету. |
| Қаңтар | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ, І, Ғ, Ң дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- жоғарыда көрсетілген дыбыстардан сөздер айтқызып жаттықтыру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор :**<br>- үй жануарлары туралы сөздік қорларын толықтыру;<br>- үй жануарларының төлдерімен таныстыру;<br>- үй құстарына байланысты жаңа сөздер тобын беру;<br>- таныс емес жабайы аңдар атауларымен таныстыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға дағдыландыру (сиыр – сиырлар, қой-қойлар, ешкі-ешкілер, жылқы-жылқылар, бұзау-бұзаулар);<br>- қандай? сұрау есімдігіне толық жауап беруге дағдыландыру;<br>- жабайы аңдар әрекеті арқылы зат есім мен етістіктерді тіркестіріп айтқызып жаттықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- төрт түлік мал туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер жаттату;<br>- жабайы аңдар туралы ертегі тыңдату (аудио-бейне);<br>- жануарлар туралы педагогтің үлгісі бойынша қысқа мәтіндер құрастыруға дағдыландыру ; |

| | |
|---|---|
| | - «Орманда» атты қойылымды қазақ тілінде қою. |
| Ақпан | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтау мақсатында тапсырмалар орындату;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ, Ғ, Ң дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- аталған дыбысқа байланысты сөздер қатарын беріп, дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Сөздік қор:**<br>- киім атаулар қатарын қосу;<br>- ұлттық киім атауларына байланысты жаңа сөздермен таныстыру;<br>- азық түлік атауларымен таныстыру;<br>- сусындарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- сұраулы сөйлемдерді дұрыс құрастыруға дағдыландыру;<br>- мен, менің, маған есімдіктерімен сөйлем құратып жаттықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- киім атауларын күнделікті өмірде қолдануға дағдалындыру;<br>- ұлттық киімдерді сипаттап айтуға үйрету;<br>- азық-түліктер мен сусындар атауларына байланысты сөйлемдерді күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету;<br>- ас мәзірін айтқызып үйрету;<br>- дәмханада тапсырыс жасай алуға үйрету. |
| Наурыз | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ғ,Ң, Ү, Ұ, І, Һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- ыдыс-аяқ атауларына байланысты жаңа сөздер үйрету;<br>- балаларды көктем жыл мезгіліне байланысты сөздер қатарын көбейту;<br>- Наурыз мерекесіне байланысты сөздер қатарын көбейту;<br>- ұлттық тағамдарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру; |

| | |
|---|---|
| | - салт-дәстүрлерге байланысты жаңа сөздермен таныстыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- таныс сөздерден сөйлем құрап, күнделікті өмірде орынды пайдалануға дағдыландыру;<br>- ұлттық тағамдар туралы сөздерді қатыстырып сөйлем құрап айтқызу;<br>- рөлдік ойындар кезінде диалог арқылы тілдесуге шақыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды сөйлем құрауда дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрауда орынды қолдануға үйрету;<br>- рөлдік ойындар кезінде бір-біріне сұрақ- жауапты дұрыс құрауға дағдыландыру;<br>- көктем, наурыз тақырыптырына тақпақ, ән, мақал-мәтелдер, бата жаттату. |
| Сәуір | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға машықтау және ол сөздерді есте сақтауға үйрету;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән І, Ү,Ұ,Ң, Һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- жоғарыда аталған дыбыстардан сөздер айтқызып жаттықтыру<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>- түс атаулар қатарын молайту;<br>- сыпайы сөздер қатарын қосу;<br>- кеңістікті бағдарлау сөздер қорын көбейту;<br>- таныс емес көлік атауларымен таныстыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- зат есімдерге түс атауын қосып айтуға дағдыландыру (зат есім+сын есім );<br>- сыпайы сөздердің сыпайылық жақта айтқызып жаттықтыру (кешір-кешіріңіз);<br>- кеңістікті бағдарлау сөздерін етістіктермен байланыстыра сөз тіркесін құрап үйрету (алға жүр, артқа қара т.б);<br>- көлік атауларын жекеше, көпше түрде айтқызып жаттықтыру;<br>- көлік атауларын тәуелдік жақта айтқызып дағдыландыру (менің ұшағым, сенің пойызың) |

| | |
|---|---|
| | **Байланыстырып сөйлеу:**<br>- түс атауларына байланысты Твистер ойынын ойнауда қазақ тілінде ғана сөйлету;<br>- кеңістікті бағдарлау сөздерін пайдаланып бұйрықты сөйлемдер арқылы қимылды орындатып жаттықтыру;<br>- диалог құрауда сыпайы сөздерді молынан қатыстыру;<br>- көліктерге байланысты тақпақтар жаттату;<br>- сыпайы сөздер туралы мақал-мәтелдер жаттату. |
| Мамыр | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>- қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге машықтау;<br>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ң, І, Һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>- аталған дыбыстары бар сөздер қатарын молынан беру;<br>- тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту.<br><br>**Сөздік қор:**<br>- ұлттық ойындар туралы жаңа сөздер қатарын беру;<br>- батырлық, батылдық туралы жаңа сөздер үйрету;<br>- өсімдік атауларымен таныстыру;<br>- жаз жыл мезгіліне байланысты жаңа сөздер тобын беру.<br>-<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>- мәтін құрауда әр сөзді орынды пайдалануға дағдыландыру. Етістік сөйлем соңында болатынын ескерту;<br>- зат есімдерді жекеше, көпше түрде еркін айтуға дағдыландыру;<br>- сөз тіркестерін құрауда зат есім мен сын есім, сан есім, зат есім мен етістіктерді тіркестіріп айтқызуды үйрету.<br>-<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>- ұлттық ойындар ойнау кезінде тек қана қазақ тілінде сөйлеуге шарт қою;<br>- батырлық туралы тақпақтар жаттату;<br>- Отан туралы мақал-мәтелдер жаттату;<br>- жаз мезгіліне байланысты сөйлемдерді күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету;<br>- педагогтің көмегімен өсімдіктерді сипаттап айтуға үйрету. |